

"2003-2005 жылдарға арналған Алматы қаласындағы кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты 2002 жылғы 19 желтоқсандағы XXII-ші сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (2002 жылғы 29 желтоқсанда Алматы қаласының әділет басқармасында N 501 болып тіркелген)

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXVII сессиясының 2003 жылғы 16 қыркүйектегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 1 қазанда N 554 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2010 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2010.04.12 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловтың кедейшілік деңгейі бойынша көрсеткіштерді нақтылау және 2003-2005 жылдарға арналған кедейлікті төмендету жөніндегі өңірлік бағдарламаларға кедейлік шегінен төмен өмір сүретін азаматтардың саны бойынша сандық көрсеткіштерді енгізу жөніндегі 25.06.2003 N 20-65/И-517 тапсырмасына және Алматы қаласының Әкімінің ұсынысына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. "2003-2005 жылдарға арналған Алматы қаласындағы кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы XXII-ші сессиясының шешімінің қосымшасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- Мына тармақтар алынсын: "Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, принциптері мен басымдықтары" 4 тарауы "Бағдарламаны жүзеге асыру индикаторы" 3 бөлімінің 7 "Атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны" тармағы, 8 "Кірісі ең төменгі күнкөріс дәрежесінен төмен халық қатарындағы әлеуметтік көмек алатындар үлесі" ;

- 7 тармақ мына мазмұндағы жаңа редакцияда берілсін:

Өлшем бірлігі	2000 жыл нақты	2001 жыл нақты	2002 жыл нақты	2003 жыл болжам	2004 жыл болжам	2005 жыл болжам
---------------	----------------	----------------	----------------	-----------------	-----------------	-----------------

Кедейшілік мөлшерінен төмен табыс алатын тұрғындар саны	Адам	21000	18806	15045	13036	9629
---------------------------------------------------------	------	-------	-------	-------	-------	------

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау мәселелері бойынша тұрақты комиссияға (Е.Б.Тәжиев) және Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты кезектен тыс
XXVII-сессиясының*

төрағасы

*II-сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

хатшысы